

ІШКІ АУРУЛАР ПРОПЕДЕВТИКАСЫ

- Ішкі аурулардың этиологиясын, патогенезі мен клиникалық белгілерін зерттей отырып, науқастың түрін танып анықтау, емдеу және алдын алу шараларын қарастырады, жеке аурулардың пайда болу себептерін анықтайды.

- Аурудың даму тарихы (anamnesis morbi). Ауру басталуының ерекшеліктерін анықтау қажет, ауру белгілерінің кенеттен немесе біртіндеп басталуы; олардың ағымы, себебі, дамуы; қолданылған ем, оның тиімділігі, соңғы нашарлауының себептері.
- Созылмалы аурудың сырқатнамасында - оның басталған жылы немесе қанша жыл науқас өзін аурумын деп санайды, аурудың бірінші белгілері хронологиялық ретпен ең бірінші белгісінен бастап ауруханаға түскенге дейін; бәсеңсуі және асқынуы кезеңдері, асқынудың жиілігі. Емдік және алдын алу шаралары, олардың тиімділігі; қазіргі емханаға жатқызудың тікелей себептері, қандай белгілер пайда болды. Науқастың алған емін көрсету керек.

- **Өмірінің тарихы (anamnesis vitae).** Ол үшін науқастан ағзасының ерекшеліктерін және оның әртүрлі тітіркендіргіштерге жауап беретін қасиетін, сонымен қатар, белгілі бір аурудың дамуына жағдай туғызатын кейбір себептер жөнінде мәліметтер алу қажет.
- Өмір анамнезінің негізгі бөлімдері келесі: науқас жайында қысқаша өмірбаяндық мәліметтер (қай жерде, қашан туылды, қалай өсті, қанша жасында мектепке барды, бірге оқитын оқушылырдан артта қалған жоқ па; неше сынып бітірді, әскерде қызмет етуі, жоғарғы оқу орнында оқуы, мамандығы).



- Медициналық этика және медициналық деонтология - спецификалық жағдайдағы, үлкен парыздың, кәсіби қызметтің, жалпы адамзаттың адамгершіліктік үлкен міндетінің айқындылығы болып табылады.

- Медициналық этика (лат. *ethica*, грек тілінен алғанда *ethice* - адамгершілікті зерделеу),
- медициналық деонтология (греч. *deon* - парыз; «деонтология» термині соңғы жылдардағы отандық әдебиетте кеңінен қолданылуда)
- Яғни бұл - медициналық қызметкерлердің кәсіби міндеттерін орындау барысындағы этикалық нормалар мен қағидалар жиынтығы



